

**«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ)**

**ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕ
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ БІРІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫ
ПРОСПЕКТІСІ**



Облигациялар түрі: реттелмеген қамтамасыз етусіз купондық облигациялар
Облигациялар саны: 10 000 000 (он миллион) дана

Шығарылым көлемі: 10 000 000 000 (он миллиард) теңге

Эмитенттің қысқартылған атауы: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ

Уәкілетті органның жарияланған облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар ұсынуды білдіреді. Жарияланған облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келуі үшін ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғасы осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және эмитентке және оның орналастыратын облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды

Астана қ., 2014 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (әрі қарай – Эмитент әлде Корпорация) екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәлімет:

1) **Облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:**

30.05.2014 ж.;

2) **Шығаруды жүзеге асыратын облигациялық бағдарламаның көлемі, ақшалай нысанда:**

30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге;

3) **облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:**

облигациялар шығарылымы Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші болып табылады;

4) **алдыңғы облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (шығарылымды уәкілетті органда тіркеу күні, облигация мөлшері, номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарлама шегінде әрбір шығарылым бойынша бөлек орналастырылатын облигациялар саны):**

қолданылмайды, себебі облигациялар шығарылымы екінші облигациялық бағдарламасы аясында бірінші болып табылады;

5) **облигациялық бағдарлама шегінде олардың ұстаушыларына бұрын ұсынылған құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенантты) бұзу кезінде сатылған және ұстаушылардың осы құқықтарын сату тәртібін көрсетумен ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар:**

қолданылмайды, себебі облигациялар шығарылымы Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасы аясындағы бірінші болып табылады;

3. Шығарылым құрылымы

1) **Облигациялар түрі:** Қазақстан Республикасының заңнамасымен шығарылған қамтамасыз етусіз купондық реттелмеген облигациялар;

2) **шығарылатын облигациялардың саны және номиналды құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:**

шығарылатын облигациялардың саны – 10 000 000 (он миллион) дана;

номиналды құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге;

3) **бір облигацияның номиналды құны:** 1 000 (мың) теңге;

4) **облигациялар бойынша сыйақы:**

▪ **облигациялар бойынша сыйақы ставкасы:**

облигациялар бойынша сыйақы ставкасы облигациялардың бүкіл айналысы кезеңінде белгіленген болып табылады және облигациялардың номиналды құнының жылдық 8,5 (сегіз бүтін оннан бес) пайызды құрайды;

▪ **сыйақының есептелуі басталатын мерзім:**

сыйақыны есептеу облигациялардың барлық айналым мерзімі ішінде жүзеге асырылады және облигацияларды өтеу күнінен бұрынғы күнде аяқталады;

▪ **сыйақының кезеңділігі және төлеу мерзімі:**
облигациялар бойынша сыйақы төлемі облигация айналысының бүкіл мерзімінде облигация айналысы басталған күннен бастап әрбір алты ай өткеннен кейін Эмитентпен жылына екі рет жүзеге асырылады. Сыйақы оны алуға құқылы және сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінде Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесіне тіркелген тұлғаларға (Эмитенттің бас офисінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) төленеді;

▪ **сыйақы төлеудің реті мен шарты (егер инвесторлар Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі)**
сыйақыны төлеу теңгемен облигация ұстаушылардың ағымдағы шотына сыйақы ақша аудару арқылы төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі (Эмитенттің бас офисінің орналасқан орнындағы уақыт бойынша) күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардың тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің бас кезіне белгіленеді.

Төлем күнінде сыйақы номиналды құнның туындысы және купондық сыйақының жарты жылдық ставкасы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша негізгі соманы төлеумен біруақытта жүргізіледі.

Барлық төлемдер (сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасы) Банкпен қолма-қол ақшасыз тәртіпте Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) жүргізіледі.

Егер облигация ұстаушылары Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, облигациялар бойынша сыйақы төлемі теңгемен, облигация ұстаушыларының Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған жағдайда жүргізіледі.

Төлем жүргізген кезде басқа валютаны (АҚШ долларын немесе Еуроны) теңгеге айырбастауға тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын облигация ұстаушыларынан – Қазақстан Республикасының резиденті емес еместерден тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталмыш айырбастау төлем жүргізген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға (АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастау облигация ұстаушысының – Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғаларының есебінен жүргізіледі.

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік деректемелерінің болуы міндетті болып табылады.

Облигация ұстаушыларының – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына облигациялар бойынша төлем жүргізген кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

▪ **сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**
облигациялар бойынша төлем бүкіл айналыс кезеңінде уақытша базаның жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн есебінде жүргізіледі;

▪ **индекстелген облигацияларды шығару кезінде есеп айырысу реті:**
қарастырылмаған, себебі облигациялар индекстелінбеген;

▪ **егер сыйақы ставкасы белгіленген болмаса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:**
облигациялар бойынша сыйақы ставкасы бүкіл айналыс кезеңінде белгіленген болып табылады;

5) облигациялардың айналысы және өтеу туралы мәліметтер:

▪ **облигациялар айналысының басталу күні:**

облигация айналысының басталу күні облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген күні саналады;

▪ **облигациялардың айналыс мерзімі:**

облигация айналысының басталған күнінен бастап 8 (сегіз) жыл 6 (алты) ай;

• **облигацияларды өтеу шарттары:**

облигациялар төлем жүргізілетін кезең аяқталғаннан кейінгі келесі күнгі жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларының ағымдағы шотына ақша аудару арқылы облигация айналысының аяқталғаннан кейін келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде соңғы купондық сыйақыны біруақытта төлеумен теңгедегі облигацияның номиналды құны бойынша өтеледі.

Егер облигация ұстаушылары Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, облигациялар бойынша төлемдерді төлеу теңгемен, облигация ұстаушыларының Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған жағдайда жүргізіледі;

Төлем жүргізген кезде басқа валютаны (АҚШ долларын немесе Еуроны) теңгеге айырбастауға тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын облигация ұстаушыларынан – Қазақстан Республикасының резиденті еместерден тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталмыш айырбастау төлем жүргізген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға (АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастау облигация ұстаушысының – Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғаларының есебінен жүргізіледі.

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік деректемелерінің болуы міндетті болып табылады.

Облигация ұстаушыларының – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына облигациялар бойынша төлем жүргізген кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

▪ **облигацияларды өтеу күні (кезеңі):**

облигация айналысының аяқталғаннан кейін келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде;

▪ **облигациялар өтелетін орын (орындар):**

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Иманов көшесі, 11, «Нұрсаулет-1» бизнес-орталығы.

▪ **облигацияларды өтеу тәсілі:**

негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы сыйақыны төлеу облигация ұстаушыларының тізіліміндегі деректерге сәйкес облигация ұстаушыларының ағымдағы шотына ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылады;

6) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған кезде):

облигациялар қамтамасыз етілмеген;

7) облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, байланыс телефондары, облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызмет көрсетуі жөніндегі шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі):

облигацияларды ұстаушы өкілінің функцияларын 31.07.2006ж. № 0401201249 номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар «Банк ЦентрКредит»

Акционерлік қоғамының «ВСС Invest» Еншілес ұйымы» Акционерлік қоғамы жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы, Шевченко к-сі, 100, 5-қабат, тел.: +7 (727) 244 32 32, факс: +7 (727) 244 32 31). Облигацияларды ұстаушының өкілі өзінің функцияларын 2014 жылғы 01 қаңтардағы № ПДО-9/14 Облигацияларды ұстаушының мүдделерін ұсыну шартының негізінде жүзеге асырады;

8) тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті көрсету шартының жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі):

облигацияларды ұстаушылардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау келесі тіркеушімен жүзеге асырылады - «Бірыңғай бағалы қағаздар тізілімі» Акционерлік қоғамы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 141, тел.: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60 ішкі 230, Басқарма төрағасы: Хамитов Бекболат Сабитович, Басқарма мүшелері: Жакупов Кайрат Тлеугазинович, Муканов Арман Болатович. Тіркеуші өзінің қызметін Эмитентпен жасалған 2014 жылғы 01 қаңтардағы № 426 Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу шартының негізінде жүзеге асырады;

9) облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдардың атауы, орналасқан жерлері, тиісті шарттардың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі):

қаржы кеңесшісі және андеррайтер: «Nalyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің Еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., әл-Фараби д-лы, 19/1, «Нұрлы Тау» БО, 3Б, 6-қабат; тел: + 7 (727) 244-65-40, факс: + 7 (727) 259-05-93), ол «Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы» ЗТБ және «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі болып табылады, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігімен берілген 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 4.2.92/28 Бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет етеді. Қаржы кеңесшісі өзінің қызметін 2013 жылғы 25 қазандағы нөмірсіз Қаржы кеңесшісі және андеррайтер қызметін көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырады;

10) төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, тиісті шарттың жасалған күні мен нөмірі көрсетіледі):

сыйақыны төлеу және облигацияларды өтеу төлем агентінің қызметін пайдаланусыз Эмитентпен дербес жүзеге асырылады.

11) облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар:

- Проспектіге сәйкес облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
- Проспектіге сәйкес белгіленген сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сонымен қатар Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен қарастырылған тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық күйі туралы ақпаратты алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Эмитентпен облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелердің әрбір орындалмаған күніне өсімпұл түрінде тұрақсыздық айып сомасын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте, Эмитентпен облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелердің әрбір орындалмаған күніне өсімпұл түрінде тұрақсыздық айып сомасы міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі (яғни, төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейін

келесі күнінде) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйеніп есептеледі;

- Проспектімен белгіленген жағдайларда облигацияларды толығымен немесе ішінара сатып алуды мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте облигациялардың меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.
- Облигацияларды ұстаушылардың эмитентпен облигацияны мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы қарастырылмайды.
- Эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алуға облигацияларды ұстаушылардың құқығы көзделмеген;

11-1) басталуы бойынша эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:

Облигациялар бойынша дефолт – бұл осы Проспектімен белгіленген негізгі борышты немесе купондық сыйақыны төлеу мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде купондық сыйақыны, номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу.

Дефолтқа Проспектіде белгіленген кез келген шектеулерді (ковенантты) Эмитентпен бұзуы да теңестіріледі.

Эмитент Проспект бойынша өзінің міндеттемелерін анықталмаған күш салдарынан ішінара немесе толығымен орындамаған жағдайда, ол осы орындалмау үшін жауапкершіліктен босатылады. Анықталмаған күш салдарына оның туындауын алдын ала анықтау немесе болжау мүмкін болмайтын жағдайлар жатады (стихиялық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.). Анықталмаған күш салдары туындаған жағдайда, Эмитентпен Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай оқиғалар және олардың салдары жалғасатын кезеңге ұзартылады.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушының пайдасына ақшалай міндеттеменің немесе оның тиісті бөлігінің орындалу күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйеніп есептелетін мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін өсімпұлды есептеуге және төлеуге міндетті (яғни төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күннен кейінгі күні).

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілмеген жағдайда – дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитент облигацияларды ұстаушысына хабарлау арқылы, сондай-ақ, Эмитенттің <http://www.agrocredit.kz> ресми сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ <http://www.kase.kz> ресми сайтында, Бағалы қағаздар орталық депозитарий <http://www.dfo.kz> ресми сайтында, сонымен қатар «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газетінде мәліметті орналастыру арқылы келесілерді қоса алғанда, осындай факті туралы хабарлайды:

- дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- дефолт күніндегі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелер көлемін;
- міндеттемелерді орындамау себебін;
- Эмитентке талаптарды қою тәртібі мен мерзімін қоса алғанда, облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша олардың мүмкін әрекеттерінің тізбесін;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты.

Дефолт оқиғасы туындаған кезде Эмитент облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында оның тиісті органымен Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Эмитент дефолттың бір немесе барлық оқиғалары туындаған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дефолт оқиғаларына жол берген себептерді жою үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға міндетті (еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылатын оқиғаларды қоспағанда). Көрсетілген мерзімде осындай себептерді жоймаған жағдайда, Корпорация облигацияларын ұстаушылар Корпорацияның берешекті төлеу бойынша міндеттемелерін орындағанға дейін Корпорацияға облигация айналымының барлық мерзімі ішінде облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талапты жолдау жолымен Корпорацияның облигацияларды сатып алуын талап етуге құқығы бар.

Эмитент облигация ұстаушыларының талабы бойынша жиналған сыйақыны ескеріп, облигацияның тиісті номиналды құны бойынша облигацияларды сатып алады.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе біріккен жауапкершілікті көтеретін тұлғалар жоқ.

12) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы:

Облигациялардың шығарылымын толықтай мерзімінен бұрын өтеу облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналасына қатысу және дауыс беру құқығына ие облигацияларды ұстаушылардың тізімі тіркеушімен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесі негізінде облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күніне жасалады.

Эмитент облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының өткізілу күніне дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен бұрын жүйесінде облигациялармен мәмілелер жасалатын сауда-саттық ұйымдастырушысына, тіркеушіге, орталық депозитарийге облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының өтуі туралы хабарламаны жолдайды және «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газетінде облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының өтуі туралы ақпаратты жариялайды, сондай-ақ Эмитенттің <http://www.agrocredit.kz> ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ <http://www.kase.kz> ресми сайтында және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында хабарлама орналастырады.

Эмитенттің интернет-ресурсында жарияланымдарды орналастыру уақыты 1 (бір) айдан кем емес болуы тиіс. Интернет-ресурста жарияланымдарды орналастыру күні мен уақыты көрсетілуі тиіс. Егер облигацияларды ұстаушылардың саны елу ұстаушыдан асатын болса, хабарлама оларға жазбаша түрде хабарлама жолдау арқылы жіберілуі тиіс.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу тәртібі Эмитенттің басқару органы бекітетін Эмитенттің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысында дауыс беру «бір облигация – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының шешім қабылдауы 2013 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – БҚР туралы Заң) 9-бабы 4-1) тармағында белгіленген талаптарды есепке ала отыра жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының шешімі оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс. Сондай-ақ көрсетілген мерзімде Эмитент қабылданған шешім туралы уәкілетті органды, орталық депозитарийді және тіркеушіні хабардар етеді.

Облигацияларды ұстаушылар дауыс беру күнінде және дауыс беру уақыты аралығында облигацияларды ұстаушылар өкілінің мекенжайына дауыс беру бюллетеньдерін жолдау арқылы дауыс беруге қатысуға құқылы. Дауыс беру аяқталғаннан соң ұсынылған бюллетеньдерді облигацияларды ұстаушылардың өкілі қабылдайды, бірақ дауыс беру кворумын және дауыс беру нәтижелерін есептегенде есепке алынбайды.

Дауыс беру мен дауыс беру арқылы шешімді қабылдау үшін кворум Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

Бюллетеньдерді қабылдау мен дауыстарды санауды облигацияларды ұстаушылардың өкілі жүзеге асырады. Дауыс беру нәтижелері облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жазбаша түрде ресімделеді және Эмитентке дауыс беруді өткізу күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады.

Эмитент дауыс беру қорытындылары туралы мәліметтерді дауыс беруді есептеу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мәлімдейді. Сондай-ақ көрсетілген мерзімде Эмитент қабылданған шешім туралы уәкілетті органды, орталық депозитарийді және тіркеушіні хабардар етеді.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу облигацияларды өтеу үшін осы Проспектпен белгіленген шарттармен жүзеге асырылады.

Эмитенттің бастамасы бойынша облигацияларды сатып алу:

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өз облигацияларын олардың айналымда болған барлық мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға құқылы.

Эмитент облигацияларды сатып алу бағасын төмендегідей белгілейді:

- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасаған жағдайда, мәмілені жасау күніне «Қазақстан қор биржасы» АҚ қалыптасқан нарықтық құнына сүйене отыра;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәмілені жасаған жағдайда – мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитентпен қайта іске асырылуы мүмкін.

Эмитентпен облигацияларды сатып алу облигациялар сатып алынатын облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеліп соқпауы тиіс.

Орналастырылған облигациялардың (сатып алынғандарды есептемей) саны туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға ашады.

БҚР туралы Заңның 18-4 бабында көзделген жағдайлардағы Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу тәртібі:

БҚР туралы Заңның 18-4 бабына сәйкес Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алуы келесі жағдайларда:

1. Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешімді қабылдағанда (№ 1 жағдай);

2. Ақпараттар тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленген қор биржасына ақпаратты ұсыну бөлігінде арнайы (листинг) талаптарын орындамау себебі бойынша Эмитенттің облигациялар делистингі туралы қор биржасының шешімі қабылданғанда (№ 2 жағдай);
3. Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шартты облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзу немесе қолданысын тоқтату күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жасамаған жағдайда (№ 3 жағдай) жүзеге асырылуы тиіс.

Аталған жағдайлар туындағанда, Эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отыра, облигациялардың номиналдық құнына сәйкес баға бойынша немесе мөлшері барынша көп болуына байланысты облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған облигацияларды сатып алуы міндетті.

Шарттардың осы бөлімінде көрсетілген бір оқиға туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитент осындай жағдай туралы облигацияларды ұстаушыларды облигацияларды ұстаушылар өкіліне мәлімдеу (жоғарыда сипатталған № 3 жағдайды қоспағанда), сондай-ақ Эмитенттің www.agrocredit.kz ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми сайтында және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында хабарлама орналастыру арқылы хабардар етеді, оның ішінде келесі ақпарат болады:

- Эмитенттің облигацияларды сатып алуына әкеліп соғатын көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғандығы туралы ақпарат;
- Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімін қоса, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигацияларды ұстаушылардың мүмкін әрекеттерін атап өту;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат;

12-1) эмитенттің облигациялар ұстаушыларды ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулер (ковенант) туралы хабардар ету тәртібі:

Эмитенттің қызметі және қаржылық күйі туралы ақпарат, соның ішінде ХҚЕС сәйкес жасалған Эмитенттің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептер Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартта көрсетілген мерзімде және тәртіпте Эмитенттің (www.agrocredit.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге және тәртіпке сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында жарияланады және тұрақты жаңартылып тұрады.

Шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайдағы Эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі:

осы Проспекттің 3-тармағы 11-1) тармақшасына сәйкес осы Проспектпен белгіленген шектеулердің (ковенант) кез келгенін Эмитенттің бұзуы дефолтқа теңестірілетіндіктен, Эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың жоғарыда көрсетілген шектеулердің (ковенант) кез келгенін бұзған жағдайдағы әрекет ету тәртібі осы Проспекттің 3-тармағы 11-1) тармақшасымен реттеледі.

13) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

Облигацияларды шығару мен орналастырудан түскен ақша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеуге жұмсалатын болады.

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны жоспарлы бөлуде мүмкін өзгерістердің туындауына алып келетін жағдайларда, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте Проспектіге тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

3-1. Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражат көздерінің және ағындарының болжамы облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде

Төменде негізгі болжамдарды көрсетумен Эмитент дайындаған ақша ағындарының болжамы ұсынылған.

АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМДЫ ЕСЕП

Проспектінің осы тармағында келтірілген Эмитенттің ақша қаражаттар ағынының болжамдары дұрыс емес немесе дәл емес немесе жүзеге асырылуға келмейтін және мемлекеттік реттеулердегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық ставкаларының өзгертулерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының талқылануын қайта қарауды қоса), пайыздық ставкалардың, айырбастау бағамының және басқа нарықтық талаптардың өзгерістерін қоса алғанда, экономикалық және саяси жағдайлардағы өзгерістерді қоса, әртүрлі факторларға байланысты өзгертілуге жататын жорамалдарға, деректерге немесе әдістерге және басқа перспективаның белгісіздіктеріне байланысты болады.

Эмитент жаңа ақпараттың пайда болуы, болшақтағы оқиғалардың немесе басқа негіздемелердің пайда болуы салдарынан осы Шығарылым проспектісінде ашылған қандай да бір болжамды деректерді жаңартуға немесе қайта қарауға міндетті емес және ниет етпейді. Перспективалар туралы кейінгі барлық жазбаша немесе ауызша өтініштер және/немесе Эмитентке немесе Эмитенттің атынан әрекет ететін басқа тұлғаларға қосып қоятын болжамдар осы Эмиссия проспектісінің бүкіл мәтіні бойынша мазмұндалған алдын ала ескертуші өтініштермен өзінің тұтастығында шектеледі. Осы тәуекелдер, белгісіздіктер немесе болжамдар салдарынан облигацияларды әлеуетті сатып алушылар перспектива туралы осы өтініштерге сүйенбеуі тиіс.

	2014	I-Ж 2015	II- Ж 2015	2015	I- Ж 2016	II- Ж 2016	2016	I- Ж 2017	II- Ж 2017	2017	I- Ж 2018	II- Ж 2018	2018
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ													
1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы	7 712 896	4 297 704	7 981 451	12 279 155	4 319 193	8 021 358	12 340 551	4 340 789	8 061 465	12 402 254	4 362 493	8 101 772	12 464 265
2. Ақшалай қаражаттың жұмсалуды, барлығы	4 934 372	2 085 865	3 873 748	5 959 613	2 252 734	4 183 648	6 436 382	2 432 953	4 518 340	6 951 293	2 627 589	4 879 807	7 507 396
3. Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза сомасы	2 778 524	2 211 839	4 107 703	6 319 542	2 066 459	3 837 710	5 904 169	1 907 836	3 543 125	5 450 961	1 734 904	3 221 965	4 956 869
II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ													
1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы	63 783 447	10 157 677	18 864 258	29 021 935	21 646 204	40 200 094	61 846 298	29 222 376	54 270 126	83 492 502	30 099 047	55 898 230	85 997 277
2. Ақшалай қаражаттың жұмсалуды, барлығы	78 011 379	27 922 875	51 856 768	79 779 643	28 481 333	52 893 903	81 375 236	29 050 959	53 951 782	83 002 741	29 631 979	55 030 817	84 662 796
3. Инвестициялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза сомасы	-14 227 932	-17 765 198	-32 992 510	-50 757 708	-6 835 129	-12 693 809	-19 528 938	171 417	318 344	489 761	467 068	867 413	1 334 481
III. ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ													
1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы	56 471 913	19 816 895	36 802 805	56 619 700	4 550 000	8 450 000	13 000 000	5 775 000	10 725 000	16 500 000	5 775 000	10 725 000	16 500 000
2. Ақшалай қаражаттың жұмсалуды, барлығы	52 566 973	3 674 194	6 823 504	10 497 698	731 483	1 358 468	2 089 951	7 237 265	13 440 635	20 677 900	7 092 520	13 171 822	20 264 342
3. Қаржы қызметінен түсетін ақшалай қаражаттың таза сомасы	3 904 940	16 142 701	29 979 301	46 122 002	3 818 517	7 091 532	10 910 049	-1 462 265	-2 715 635	-4 177 900	-1 317 520	-2 446 822	-3 764 342
Барлығы: Ақшалай қаражаттың артуы +/- азаюы	-7 544 468	589 342	1 094 494	1 683 836	-950 153	-1 764 567	-2 714 720	616 988	1 145 834	1 762 822	884 452	1 642 556	2 527 008
Есептік кезеңнің басына ақшалай қаражат пен олардың баламалары	9 785 664	2 241 197	2 830 539	2 241 197	3 925 033	2 974 880	3 925 033	1 210 313	1 827 301	1 210 313	2 973 135	3 857 587	2 973 135
Есептік кезеңнің соңына ақшалай қаражат пен олардың баламалары	2 241 197	2 830 539	3 925 033	3 925 033	2 974 880	1 210 313	1 210 313	1 827 301	2 973 135	2 973 135	3 857 587	5 500 143	5 500 143

	І- Ж 2019	ІІ- Ж 2019	2019	І- Ж 2020	ІІ- Ж 2020	2020	І- Ж 2021	ІІ- Ж 2021	2021	І- Ж 2022	ІІ- Ж 2022	2022
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ												
1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы	4 384 305	8 142 281	12 526 586	4 406 227	8 182 992	12 589 219	4 428 258	8 223 907	12 652 165	4 450 399	8 265 027	12 715 426
2. Ақшалай қаражаттың жұмсалуды, барлығы	2 837 796	5 270 192	8 107 988	3 064 819	5 691 808	8 756 627	3 310 005	6 147 152	9 457 157	3 574 806	6 638 925	10 213 730
3. Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза сомасы	1 546 509	2 872 089	4 418 598	1 341 408	2 491 184	3 832 592	1 118 253	2 076 755	3 195 008	875 593	1 626 102	2 501 696
II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ												
1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы	31 002 018	57 575 177	88 577 195	31 932 079	59 302 432	91 234 511	32 890 041	61 081 505	93 971 546	33 876 742	62 913 950	96 790 692
2. Ақшалай қаражаттың жұмсалуды, барлығы	30 224 618	56 131 434	86 356 052	30 829 111	57 254 062	88 083 173	31 445 693	58 399 143	89 844 836	32 074 607	59 567 126	91 641 733
3. Инвестициялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза сомасы	777 400	1 443 743	2 221 143	1 102 968	2 048 370	3 151 338	1 444 348	2 682 362	4 126 710	1 802 135	3 346 824	5 148 959
III. ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСЕТІН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ												
1. Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы	5 775 000	10 725 000	16 500 000	5 775 000	10 725 000	16 500 000	5 775 000	10 725 000	16 500 000	5 775 000	10 725 000	16 500 000
2. Ақшалай қаражаттың жұмсалуды, барлығы	6 950 669	12 908 386	19 859 055	8 340 803	15 490 063	23 830 866	8 757 843	16 264 566	25 022 409	8 582 686	15 939 275	24 521 961
3. Қаржы қызметінен түсетін ақшалай қаражаттың таза сомасы	-1 175 669	-2 183 386	-3 359 055	-2 565 803	-4 765 063	-7 330 866	-2 982 843	-5 539 566	-8 522 409	-2 807 686	-5 214 275	-8 021 961
Барлығы: Ақшалай қаражаттың артуы +/- азаюы	1 148 240	2 132 446	3 280 686	-121 427	-225 509	-346 936	-420 242	-780 449	-1 200 691	-129 958	-241 349	-371 306
Есептік кезеңнің басына ақшалай қаражат пен олардың баламалары	5 500 143	6 648 383	5 500 143	8 780 829	8 659 402	8 780 829	8 433 893	8 013 651	8 433 893	7 233 202	7 103 244	7 233 202
Есептік кезеңнің соңына ақшалай қаражат пен олардың баламалары	6 648 383	8 780 829	8 780 829	8 659 402	8 433 893	8 433 893	8 013 651	7 233 202	7 233 202	7 103 244	6 861 895	6 861 896

3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығарылымы кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе):

- Эмитент активтерінің құрамына кіретін сомасы меншіктен шығару күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының 25% асатын мүлікті меншіктен шығармау;
- Эмитенттің облигацияларды шығарумен байланысты емес міндеттемелерді орындамау фактілерін облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының 10% арттыруға жол бермеу;
- Эмитенттің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгертпеу;
- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілігін ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу;
- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартпен белгіленген Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартпен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есепті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.
- жай акция бойынша дивидендтерді ақшалай немесе кез келген өзге нысанда төлемеу, сондай-ақ Эмитент алған табысты Эмитенттің акционерлеріне өзге қандай да бір таратуды жүзеге асыру сынды (акционерлерден акцияларды төлеп алу немесе сатып алу немесе өзге тәсілмен болсын):

1) осы шарттардың ережелеріне сәйкес облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін кез келген жағдай туындағанда;

2) Егер Эмитенттің жай акция бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесінде Эмитенттің меншікті капиталының мөлшері 30 000 000 (отыз миллиард) теңгеден кем құраса, осы шарттардың ережелеріне сәйкес облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін кез келген жағдай болмаса. Бұл ретте Эмитенттің меншікті капиталы Эмитент дивидендтер төлейтін мерзім үшін ҚЕХС сәйкес дайындалған Эмитенттің аудиттелген қаржылық есептілігінің мәліметтеріне сәйкес анықталады.

Шектеулерді (ковенант) бұзған жағдайдағы Эмитент пен облигацияларды ұстаушының әрекет ету тәртібі:

Эмитент облигация ұстаушыларының талабы бойынша жиналған сыйақыны ескеріп, облигацияның тиісті номиналды құны бойынша облигацияларды сатып алады.

4. Опциондар туралы мәліметтер:

Опциондар қарастырылмаған.

5. Айырбасталымды облигациялар:

Облигациялар айырбасталуға жатпайды.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

облигацияларды орналастырудың басталу күні облигациялардың айналысы басталған күн болып саналады. Облигациялар айналыстың бүкіл мерзімінде орналастырылады. Облигациялар ұйымдастырылмаған рынокта Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес орналастырылады.

Облигациялар ұйымдастырылмаған рынокта орналастырылмайды.

Эмитент облигациялар айналысында қандай да бір шектеулерге, облигацияны мүмкін сатып алушыларына қатысты, соның ішінде Эмитенттің тараптарымен байланысты тұлғаларды қоса алғанда, облигациялар орналастырылатын тұлғалар тобына қатысты шектеулерге ие емес;

2) акцияларға айырбасталған облигациялар жазылу арқылы орналастырылған жағдайда айырбастау шарттары көрсетіледі:

облигациялар айырбасталуға жатпайды;

3) облигацияларға төлем жасаудың талаптары мен тәртібі:
облигациялар ақшалай қолма-қолсыз нысанда төленеді. Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ сату алаңында мамандандырылған сауда-саттық арқылы орналастырғанда, облигацияларды төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес орындалады.



Басқарма Төрағасы

Малелов Н.Т.

Бас бухгалтер

Зайтуллаева И.Н.

М.о.